

Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 5/823 Алматы қаласының мемлекеттік коммуналдық меншік нысандарын (мүлкін) мүліктік жалға беру (аренда) Ережелерін бекіту туралы қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 2/561 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2006 жылғы 18 мамырда N 702 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі N 2/296 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012.04.11 N 2/296 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабына сәйкес және коммуналдық меншікті тиімді басқару және иелік ету мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мемлекеттік коммуналдық меншік нысандарын (мүлкін) мүліктік жалға беру (аренда) Ережелерін бекіту туралы" 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 5/823 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2006 жылғы 24 қаңтарда N 693 болып тіркелді, "Вечерний Алматы" 2006 жылғы 14 ақпанда N 29-30, "Алматы ақшамы" 2006 жылғы 14 ақпанда N 17 газеттерінде жарияланды):

Көрсетілген қаулымен бекітілген, Алматы қаласының мемлекеттік коммуналдық меншік (мүлік) нысандарын мүліктік жалға беру (аренда) тәртібі

т у р а л ы **Е р е ж е д е :**

60 тармақтың 2, 3 және 4 тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

"2. Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі жайлардың мүліктік жалдау төлемін есептеу үшін, айлық есептік көрсеткішіне белгіленген коэффициент:

№№	Жалға алушының аталуы, қызмет түрі	Жылына 1 шаршы метр сомасы (коэффициент мөлшерлемесі)
1	Тауар өнімін өндіру үшін пайдаланылатын жайлар(цех, койма)	3
2	Жоғары, орта және мектепке дейінгі білім беру, спорт секциялары, оқу курстары	2
3	Сауда	10

4	Қызмет көрсету кәсіпорындары, сонымен қатар денсаулық сақтау, сұлулық салондары, техникалық қызмет көрсету стансалары	6
5	Мәдениет нысандары, сонымен қатар мұражайлар, кітапханалар, Ұлттық мәдени орталықтар, өнер шеберханалары, көрме залдары	1
6	Коммерциялық емес ұйымдар	2
7	Мейрамханалар, кафе, арақ-шарап бұйымдарын сататын дәмханалар	10
8	Мемлекеттік мекемелердегі қоғамдық тамақтандыру	0,4
9	Қоғамдық тамақтандыру	4
10	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер	0,3
11	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын	1
12	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	0,3
13	Басқалары(валюта айырбастау пунктері, ломбардтар, дәріханалар және тағы басқа)	10

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, әлеуметтік қорғау және спорт саласындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жалдау төлемінен б о с а т ы л а д ы .

3. Нысанның орналасқан жерін ескеретін коэффициент:

1) Әл-Фараби даңғылы, Қажымұқан көшесі (солтүстік жағы) - Қожамқұлов көшесі (шығыс жағы) - Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) - Луганский көшесі (батыс жағы) шекараларында орналасқан жайларға белгіленген коэффициент - 2;

2) Тимирязев көшесі (солтүстік жағы) - Әуезов көшесі (шығыс жағы) - Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) Қожамқұлов көшесі (батыс жағы) шекараларында орналасқан жайларға белгіленген коэффициент- 1,4;

3) Тимирязев көшесі (солтүстік жағы) - Розыбақиев көшесі (шығыс жағы) - Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) - Әуезов көшесі (батыс жағы) шекараларында орналасқан жайларға белгіленген коэффициент - 1,2;

4) Түркісіб ауданында орналасқан жайларға белгіленген коэффициент - 0,9.

4. Нысанның жайлылығын ескеретін коэффициент:

1) Жер асты жайлары және күрделі жөндеуді қажет ететін жайлар үшін - 0,7.

2) Орталық жылусыз жайлар немесе ғимаратта орналасқан суық, ыстық сумен, кәрізбен жабдықталынбайтын жайлар - 0,9".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары А.Қ. Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Әкімдік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК